

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
Т. РЫСКҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БАЛАПАН» БӨБЕКЖАЙ –
БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРЫНЫ**

**Қамқоршылық кеңес
Хаттама**

Құлан ауылы

30.04.2026 жыл

**Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасының көшірмесі.
Қамқоршылық кеңес төрайымы: Кошпанова Мадира Абдрамановна
Хатшы: Агыбаева Саламат Кушикбаевна
Қатысқандар: 40
Қатыспағандар: 5**

Күн тәртібінде:

«Балапан» бөбекжай-бақшасы МКҚК –ның мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін өзін-өзі бағалау қортындысымен таныстыру.

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 5 бабының, 9 тармағына, 59 бабының 3.4 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің «Балапан» бөбекжай-бақшасы 2026 жылдың маусым айында мемлекеттік аттестаттаудан өтуіне байланысты жүргізілген өзін-өзі бағалауын өткізу нәтижелерімен таныстыру.

2. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелерін қортындылау жұмысына жауапты комиссия мүшелері: бөбекжай –бақша меңгерушісі Р.О.Шамшиева, С.К.Агыбаева әдіскер, С.О.Сулейменова педагог-психолог, М.С.Канатова – тәрбиеші, В.А.Мырзабаева – тәрбиеші, хатшы Н.А.Төленді.

Тыңдалды: меңгеруші Р.О.Шамшиева, ол Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59 бабына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 05.12.2022 жылғы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту» туралы бұйрығына сәйкес бөбекжай-бақшаның өзін-өзі бағалауын қортындылау үшін сараптама комиссиясы өткен екі оқу жылы мен ағымдағы жылдың :

- Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы;
- Кадрлық құрамға талдау;
- Тәрбиеленушілердің контингенті;
- Оқу – әдістемелік жұмыс;
- Оқу-материалдық активтер;
- Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры;
- Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалануы;

- Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасын Қамқоршылық кеңес мүшелеріне өткізілген өзін-өзі бағалау құжаттарын таныстырды.

Сөз сөйлегендер: Қамқоршылық кеңестің мүшелері Анетова Рысбике Исмагуловна мен Егембердиев Жасұлан Канатович.

Р.И.Анетова аттесттау кезінде бөбекжай-бақша қызметінің өзін-өзі бағалау бойынша үлкен жұмыс атқарылғандығын айтып өтті. Бөбекжай-бақша қызметінің бағыты, тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің әрі бөбекжай-бақшаны толығымен алғандағы жетістіктеріне тоқталған Рысбике Исмагуловна бөбекжай-бақша туралы ата-аналар жағынан тек жағымды пікірлер айтылатынын атады, сонымен қатар тәрбиеленушілердің мектепке дайындығы жоғары деңгейде екенін айтты.

Ж.К.Егембердиев бөбекжай-бақшада барлық ұжымның сапалы жұмыс жасауына, жүйелілігіне барлық қажетті жағдай жасалғанын айтып өтті.

Қамқоршылық кеңес отырысының ШЕШІМІ:

1. «Балапан» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны мемлекеттік аттестаттауға дайындық жұмысының нәтижесі және білім беру қызметінің сапасы жақсы деңгейде бағалансын.
2. Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы бөбекжай-бақша сайтына орналастырылсын.

Менгеруші
Хатшы:



Р.О.Шамшиева
С.К.Агыбаева
Р.О.Шамшиева
С.К.Агыбаева

Таныстым:

Ж. Кошпанова Кошпанова Мадера Аблрамановна
А. Анетова Анетова Рысбике Исмагуловна
Ж. Егембердиев Егембердиев Жасұлан Канатович
А. Алағөзова Алағөзова Түзел Селбаевна
Г. Акымбекова Акымбекова Гулмира Сайлауовна
Г. Нишанова Нишанова Гулзода Анарбаевна
Д. Абдикадырова Абдикадырова Динара Асылхановна